Ф СМК 109-1

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
**Астана қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» ШЖҚ МКК**

**Бекітемін**
**Колледж директоры**
**_______________З.Клышбаева**
**«___»________________ 2025 ж.**

**Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасарының**
**2025-2026 оқу жылына**
**КОЛЛЕДЖІШІЛІК БАҚЫЛАУ ЖОСПАРЫ**

Педагогикалық кеңестің отырысында қаралды және мақұлданды
Хаттама №_1_ «_29_» ___тамыз___ 2025 ж.

**Астана, 2025 ж.**

**МАҚСАТЫ:**

Колледждің материалдық-техникалық базасын тиімді пайдалану мен сақтау, ғимарат пен құрылғылардың санитарлық-техникалық жағдайын бақылау, қауіпсіздік талаптарының орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ оқу-тәрбие процесіне қолайлы жағдай жасау мақсатында колледжішілік бақылауды жүйелі түрде ұйымдастыру және жүзеге асыру.

**МІНДЕТТЕРІ:**

1.Оқу орнының шаруашылық қызметін қамтамасыз ету: ғимараттарға, үй-жайларға, жабдықтарға (жылу және су, желдету, электр және т.б желілерінің жұмысы.) техникалық қызмет көрсету, олардың ағымдағы және күрделі жөндеулерін жүргізуді жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау, жиһазбен, шаруашылық құралдармен, инженерлік және басқару еңбегін механикаландыру құралдарымен жабдықтау, күзетті ұйымдастыру.

2.Шаруашылық қызмет көрсету, материалдық және қаржы ресурстарын ұтымды пайдалану, ұйым меншігінің сақталуы мәселелері бойынша ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырушылық-әдістемелік басқару және бақылау.

3.Жұмысты ұйымдастырудың жаңа әдістерін, оның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде жетілдіру және енгізу.

4.Ұйым қызметін шаруашылық қамтамасыз етуді дамытудың жай-күйі мен перспективалары туралы ақпараттық-талдамалық материалдарды дайындау және басшылыққа ұсыну, ШЖЖ қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

5.Ғимараттардың, үй-жайлардың, жабдықтардың сақталуын және техникалық жай-күйін бақылау мақсатында оларды түгендеуге қатысу.

6.Ұйым қызметін Әкімшілік-шаруашылық қамтамасыз ету мәселелері бойынша басшылықтың басқарушылық шешімдерін дайындауға және орындауға қатысу.

7.Өз құзыреті шегінде санитарлық-эпидемияға қарсы режимнің, өртке қарсы қауіпсіздік қағидаларының, қауіпсіздік техникасы нормаларының сақталуын бақылау, оларды бұзу фактілері анықталған кезде қажетті шараларды уақтылы қабылдау.

8.Қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілермен көзделген тиісті құжаттаманы жүргізу, ШЖЖ қызметі туралы статистикалық және өзге ақпаратты белгіленген мерзімде ұсыну.

**КОЛЛЕДЖІШІЛІК БАҚЫЛАУ БАҒЫТТАРЫ:**

| № | Бақылау мазмұны | Бақылау мақсаты | Бақылау объектілері | Мерзімі | Жауапты | Нәтижелерді жалпылау/ бақылау қорытындыларын шығару нысаны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Материалдық-техникалық базаны бақылау | *Оқу кабинеттері, зертханалар, шеберханалардағы құрал-жабдықтардың дұрыс орналасуы мен жұмыс істеуін тексеру<br>*Жиһаздардың (үстел, орындық, шкаф т.б.) жарамдылығын бақылау<br>*Оқу құралдарының, техниканың (компьютер, проектор, интерактивті тақта) ақаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету<br>*Тозығы жеткен құрал-жабдықтарды есепке алып, ауыстыру бойынша ұсыныс енгізу | Ғимараттың инженерлік инфрақұрылымы, аумағы, үй-жайлары, колледждің құжаттары | Жыл бойына | директордың ШЖЖ орынбасары, колледж коменданты | Тексеру нәтижелерін әкімшілік кеңес отырысында қарау |
| 2. | Техника қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарының сақталуына бақылау | *Өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын тексеру (өрт сөндіргіштердің болуы, өрт дабыл жүйесінің жұмысы)<br>*Электр жабдықтарының қауіпсіз пайдаланылуын бақылау<br>*Шеберханалар мен зертханаларда қауіпсіздік нұсқаулықтарының болуы және оның сақталуын тексеру<br>*Жұмысшылар мен қызметкерлерге қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамалар өткізілуін бақылау | Ғимараттың инженерлік инфрақұрылымы, аумағы, үй-жайлары, колледждің құжаттары | Ұдайы | директордың ШЖЖ орынбасары, колледж коменданты | Анықтама, Бұйрық. |
| 3 | Санитарлық-гигиеналық жағдайды бақылау | *Оқу корпустарындағы тазалық деңгейін тексеру | Ғимараттың инженерлік | Тұрақты | директордың ШЖЖ орынбасары, колледж коменданты | Тексеру нәтижелерін әкімшілік кеңес отырысында қарау |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | *Дәретханалар мен жуыну орындарының санитарлық жағдайын қадағалау<br>*Асхананың тазалығына бақылау жасау<br>*Аумақты көгалдандыру және қоқысты уақтылы шығару жұмыстарын ұйымдастыру | инфрақұрылымы, аумағы, үй-жайлары, колледждің құжаттары | | | |
| 4 | Жөндеу және күрделі құрылыс жұмыстарына бақылау | *Ғимараттардың техникалық жағдайын тексеріп, жөндеуді қажет ететін көлемді анықтау<br>*Жөндеу жұмыстарының сапасын және белгіленген мерзімде орындалуын қадағалау<br>*Құрылыс жұмыстары кезінде техникалық қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау | Ғимараттың инженерлік инфрақұрылымы, аумағы, үй-жайлары, колледждің құжаттары | Жыл бойына | директордың ШЖЖ орынбасары, колледж коменданты | Тексеру нәтижелерін әкімшілік кеңес отырысында қарау |

**Директордың орынбасары** **Д.Нургожин**